



# QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен  
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№12 (2015) 20 НАУРЫЗ 2026 ЖЫЛ



Қазақстан  
Республикасының  
Президенті  
Қасым-Жомарт  
Кемелұлы ТОҚАЕВ:

## Зияткерлік ордасы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздегі әйгілі жоғары оқу орны, бұл белгілі нәрсе. Халқымыздың көптеген көрнекті азаматтары осы ғылым ордасынан шыққан. Мұны бәріміз білеміз, жоғары бағалаймыз. Осылайша университет ғасырға жуық уақыт бойы еліміздің зияткерлік қуатын нығайтуға зор үлес қосып келе жатыр. Бұл игі дәстүр қазір де жалғасын табууда. Бүгінде ұлттық университет бүкіл дүниежүзіндегі ғылыми қауымдастыққа кеңінен танымал. Қазіргі таңда халықаралық рейтингке сай үздік университеттердің қатарында, яғни 166-шы орында, ал Азия елдері арасындағы рейтинг бойынша 38-орында тұр. Бұл, әрине, жақсы көрсеткіш, дегенмен босаңсуға болмайды, тек алға қарай жүру керек. Бұл ректор Жансейіт Түймебаев басқарып отырған университет

ұжымының қолынан келетін іс деп сенемін.

Осы жиынның алдында мен Farabi Hub жұмысымен танысып шықтым.

Озық технологиялар мен инновациялық жобаларды жүзеге асыратын осындай заманауи хабтар мемлекетіміздің өркендеуі үшін аса қажет. Шын мәнінде дамыған қуатты мемлекет боламыз десек, елімізде мұндай орталықтар көптеп салынуы керек. Бұл жобаға сәттілік тілеймін.

Тенденция в сторону финансирования крупных вузов. По всей видимости, это реальная жизненная основа. Я, например, не возражал бы против приоритетного финансирования данного университета. Все-таки это флагман образования, и мы видим, что здесь ведется достаточно интенсивная работа в направлении развития науки, практической науки.

секторына инновациялық әзірлемелер енгізуді көздейтін заманауи платформа ретінде құрылған. Оның базасында креативті индустрия, жасанды интеллект пен стартап жобалары іске асырылады. Осы арқылы 300 жаңа жұмыс орны ашылып, 20 миллион доллардан астам инвестиция тартылды.

Орталықта ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорацияларының, сондай-ақ басқа да шетелдік жетекші ғылыми ұйымдардың зерттеу алаңдары орналасқан. Бұдан бөлек, мұнда ҚазҰУ-дың ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді.

Жалғасы 2-бетте

## Мемлекет басшысы ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетімен танысты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми әлеуетімен танысты.

ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысына Инновациялық өнімдер орталығы-

ның және Farabi Hub-тың жоғары технологиялық жобаларын көрсетті.

Хаб экономиканың нақты

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ:

## Еңбек лайықты бағалануға тиіс

Ата заңымыз ұжымдық көсібі және зияткерлік еңбектің жемісі. Себебі Негізгі заңның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Жасыратын ештеңе жоқ, мен жаңа Конституцияның преамбуласынан бастап, бірнеше нормасын өз қолыммен жаздым. Кейін Ата заң мәтіні мұқият талқыланды. Осы жұмысқа ғалымдарымыз да белсенді атсалысты. Оларға ризашылығымды білдіремін. Олар Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның құрамында болып, нәтижелі еңбек етті. Бүкіл

білімі мен тәжірибесін озық үлгідегі бас құжатты әзірлеуге жұмсады. Сондай-ақ Жалпыұлттық коалиция мүшелерінің қатарында ғылым саласының мамандары да аз болған жоқ. Ғалымдарымыз жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа терең түсіндіруге айтарлықтай үлес қосты. Сіздер ғылым елдікті нығайтудың маңызды құралы екенін іс жүзінде көрсеттіңіздер. Атап айтқанда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы Қазақстанның жаңа Конституциясының жо-

басын салыстырмалы талдау әдістемелік құралын әзірлеп шықты. Бұл кітапты мен өзім оқып шықтым. Өте тиімді, пайдалы еңбек деп айтуға болады. Бұл кітапты Жалпыұлттық коалиция мүшелері нұсқаулық ретінде жаппай қолданды.

Қазір ортамызда бұл жұмыстарға белсене атсалысқан ғалымдарымыз отыр. Осы сәтті пайдаланып, тағы да сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін. Ел үшін атқарылған әр еңбек лайықты бағалануға тиіс. Мен бүгін сіз-



дерге мемлекеттік награда табыстау туралы шешім қабылдадым.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, халқымыздың біртуар аза-

маты, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа жоғары мемлекеттік награда – III дәрежелі «Барыс» орденін тапсырамын.

3-бет

Инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар



4-5 беттер

Президент ҚазҰУ-да ғылыми қоғамдастықпен кездесті



6-7 беттер

Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасы: салыстырмалы-құқықтық талдау



# Мемлекет басшысы

## ҚазҰУ-дың ғылыми әлеуетімен танысты



### Басы 1-бетте

Президентке университет жалпы құны 1 миллиард 250 миллион теңгені құрайтын төрт ірі жобаны жүзеге асырып жатқаны жөнінде мәлімет берілді.

Мемлекет басшысына Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесе әзірленген микроспутник макеті көрсетілді. Жоғары оқу орындарының ғалымдары NKSAT спутнигін жасап жатыр. Ол Жердің тартылыс аумағы мен радиация деңгейін өлшеуге, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Қашықтан зондтау және оны қолдану технологиясы» зертханасының қызметі таныстырылды. Бұл кешен ҚХР Ғылым академиясымен бірлесе ашылды. Зертханада жасанды жер серіктерінің деректері негізінде Орталық Азиядағы климат және экология өзгерістері зерделенеді.

Мемлекет басшысы «Цифрлық технологиялар мен роботты техника» халықаралық институтын және Роботты техника орталығын, сондай-ақ Қазақстан-Сингапур кванттық технологиялар орталығын аралап көрді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа университет базасында орналасқан суперкомпьютер кластері көрсетілді. Оны құруға 23 миллион доллар инвестиция тартылған. Кластер күрделі есептеулерді орындау мерзімін айтарлықтай қысқартып, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттырады. Сондай-ақ ІТ және жасанды интеллект саласында мамандар даярлауға кеңінен жол ашады.

# Инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар



**Алия АКТЫМБАЕВА,**  
декан факультета географии и природопользования  
КазНУ имени аль-Фараби

Лаборатория технологии дистанционного зондирования Земли и их применения открыта в КазНУ имени аль-Фараби на основании договоренности в рамках Саммита «Один пояс – один путь» в 2023 году между Казахским национальным университетом имени аль-Фараби и Академией наук Китая.

На сегодняшний день создана уникальная единая база данных из 76 млн записей экологического мониторинга.

Для оценки изменения климата до 2050 года было подготовлено более 60 тематических карт.

Наши наблюдения за последние 30 лет показали, что площадь опустынивания выросла на 17,3%.

Поэтому сейчас мы внедряем технологии устойчивого земледелия: капельное орошение, цифровой мониторинг почвы и засухоустойчивые культуры.

Надо отметить, что результаты совместных исследований на территории Аральского и Каспийского морей были переданы в министерство экологии и природных ресурсов.

В 2024 году сотрудники лаборатории приняли участие в работе штаба ЧС во время паводков в ЗКР, где проводили мониторинговые наблюдения с помощью дронов и космических снимков.



**Бақыт ҚАНИЕВ,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының директоры

2024 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин арасындағы келіссөздер нәтижесінде ҚазҰУ мен Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университеті микроспутник арқылы ғылыми зерттеулер жүргізуге келісті.

Қазіргі таңда университет базасында Ғарыштық технологиялар орталығы жұмыс істейді. Солтүстік-батыс политехникалық университеті ғарышқа наноспутниктерді ұшыру бойынша алдыңғы қатарда.

Екі оқу орнының ғалымдары бірлесіп 6U өлшеміндегі NKSAT спутнигін 2026 жылдың соңында ұшырады. Бұл Қазақстан мен Орталық Азиядағы алғашқы университеттік микроспутник болмақ. Ол Жердің гравитациялық өрісін және радиациялық сәулені өлшейді. Сондай-ақ геологиялық барлау жүргізеді. Сонымен бірге бұл жобаны іске асыру үшін ҚазҰУ-да жерүсті станциясын орнату жоспарлануда.

2025 жылы күзде ҚазҰУ мен СБПУ-дың бірлескен наноспутнигі Қытайда орбитаға шығарылды.



**Амирхан ТЕМИРБАЕВ,**  
директор Farabi Supercomputer Center

11 сентября 2019 года в рамках визита Президента Касым-Жомарта Токаева в Пекин было подписано Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Китайской Народной Республики о сотрудничестве по предоставлению суперкомпьютера.

В 2024 году суперкомпьютер был поставлен и установлен в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Этот суперкомпьютер обладает производительностью 2000 терафлопс, а объем инвестиций в проект составил 20 миллионов долларов США.

На сегодняшний день это самый мощный академический кластер в Центральной Азии.

Его архитектура включает более 400 серверных процессоров компании Intel и 30 серверов NVIDIA.

Данная система обеспечивает высокую вычислительную производительность для решения задач мирового уровня.

Вычислительные мощности суперкомпьютера используются для:

- проведения генетических исследований; климатического моделирования;
- разработки алгоритмов машинного обучения;
- обработки больших данных (Big Data);
- развития технологий искусственного интеллекта.

Сегодня суперкомпьютер активно задействован в реализации стратегической задачи по развитию технологий искусственного интеллекта.

В этом направлении ведется совместная работа с Национальным научно-практическим центром «Тіл-Қазына».

Совместно с Казгидрометом запущено программное обеспечение для государственных органов, обеспечивающее высокоточные метеорологические прогнозы с пространственным разрешением до 2 километров.

Также начат пилотный проект совместно с прокуратурой города Алматы, в рамках которого разрабатывается интеллектуальная предиктивная система прогнозирования преступности в городе.

На суперкомпьютере академик Аскар Джумадилдаев решает сложные научные задачи в области алгебры.

В рамках реализации концепции «Smart City» суперкомпьютер станет ключевым элементом для внедрения инновационных цифровых решений в различных сферах.



**Дамир ЖАНАБЕРГЕН,**  
заместитель директора Института «Цифровые технологии и робототехника» и Центр робототехники

В рамках визита Президента Казахстана К-Ж.К. Токаева в Китайскую Народную Республику (Пекин) в 2025 году нами было подписано соглашение с китайской компанией по открытию Центра робототехники.

Центр имеет общую площадь 600 квадратных метров.

5 инновационных платформ построены на современных технологиях и искусственном интеллекте.

Они предназначены для работы с интеллектуальными роботами, включая виртуальный завод и систему программирования промышленных роботов.

А также взаимосвязь каждого этапа производства и работу со сложными автоматизированными системами.

Центр представляет собой передовое образовательное пространство, позволяющее осваивать цифровую инженерию и промышленную робототехнику.



**Медеу ӘБІШЕВ,**  
Теориялық және ядролық физика кафедрасының меңгерушісі

2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сингапурға жасаған сапары кезінде біз бірқатар сингапурлық компаниялармен ынтымақтастық орнаттық. Соның нәтижесінде біздің университетте Қазақстан – Сингапур кванттық технологиялар орталығы ашылды.

Бұл Орталық Азиядағы алғашқы орталық екенін атап өткім келеді.

Жаңа буын кванттық технологияларын дамытқан елдер ақпараттық қауіпсіздік саласында үлкен артықшылыққа ие. Сондықтан Қазақстан мен Сингапурдың кванттық саладағы ынтымақтастығы синергиялық нәтиже береді деп сенеміз.

Бірінші кезеңде кванттық криптография және кванттық байланыс зертханасы іске қосылды. Бұл ғылыми зерттеулер жүргізуге және мамандарды тәжірибелік тұрғыда даярлауға мүмкіндік береді.

Орталық құрамында 5 зертхана жұмыс істемекші:

- кванттық байланыс және қауіпсіздік;
- кванттық материалдар, компьютерлер, сенсорлар және кванттық инженерия.

Алдағы уақытта университеттің кванттық желісін құрып, кейін толыққанды ғылыми-зерттеу институтын ашуды жоспарлап отырмыз.

**Президент ғылыми қауым алдында сөйлеген сөзінде бүгінде түрлі мемлекеттер арасында технологиясы озық ел болу үшін қарқынды күрес жүріп жатқанын атап өтті.**

– Біз еліміз өсіп-өркендесін десек, ең алдымен, цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамуына баса мән беруіміз керек. Бұл – менің Президент ретіндегі ең маңызды мақсатымның бірі. Жалпы, соңғы уақытта бұл салада ауқымды шаруа атқарылды, әлі де көп жұмыс істеуіміз керек. Кейінгі бес жылда ғылым саласына салынған инвестиция көлемі алты еседен асты. Елімізде зерттеу университеттері көбеюде, олардың нақты өндіріспен байланысы нығайып жатыр. Үкіметтің мәліметі бойынша, қазір 200-ден аса коммерциялық жоба қолға алынды. Осылайша «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» экожүйесі біртіндеп пайда болып жатыр. Ғылым қалашықтары салынып, технология парктері және инжиниринг орталықтарының құрылысы басталды. Бір сөзбен айтқанда, ғылым саласында көп жыл бойы болмаған оң үрдістер байқалып жатыр. Бұл өте маңызды жұмысқа сіздер де белсене атсалысып жүрсіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент енді еліміздің жаңа Конституциясына сай ғылым саласы бұдан да жоғары қарқынмен дамитынына назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Атазаңымызда ғылымның өрісін кеңейту негізгі стратегиялық басымдықтың бірі ретінде көрсетіліп отыр. Бұл университеттерді, зерттеу инфрақұрылымын дамыту, ғалымдардың жағдайын жасау – Үкімет жұмысының бір бағыты ғана емес, мемлекеттің конституциялық міндеті ретінде бекітілді деген сөз.

– Қазақстанда 420-дан астам ғылыми-зерттеу ұйымы бар. Онда 27 мыңнан аса ғалым мен ғылыми қызметкер еңбек етіп жүр. Бұл – өте үлкен академиялық корпус. Әсіресе, ғылыми ортаның жасарып келе жатқаны қуантады. Отандық ғалымдардың жартысына жуығы 40 жасқа толмаған. Ұрпақтар сабақтастығы көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан әлемде ғылымның заман талабына сай болуына мүмкіндік береді. Мен қазақ ғылымының келешегіне үмітпен қараймын. Әйтсе де халықаралық тәжірибемен жете таныс адам ретінде отандық ғылымның қазіргі жай-күйін асыра бағалаудан, «толайым табысқа жетті» деп айтудан аулақпын. Дегенмен ғылымды дамыту үшін бізде инфрақұрылым да, адами әлеует те бар. Үкімет пен ғылыми қоғамдастықтың алдында ортақ стратегиялық мақсат тұр. Ол – анағұрлым тиімді ғылыми орта құрыптастыру, экономикадағы инновацияны ынталандыру, ғылымды өндіріспен барынша ұштастыру. Ашығын айтқанда, шешімін күткен мәселе шаш етекпен, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымды қаржыландыру ісіне қатаң тәртіп керек, қаражатты



# Президент ҚазҰУ-да ҒЫЛЫМИ ҚОҒАМДАСТЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

басымдықтарға қарай жұмсаған жөн деп санайды.

– Мемлекет соңғы алты жылда ғылымға арналған қаржыны бірнеше есе ұлғайтты. Жыл сайын ғылымға 200 миллиард теңгеден астам, тіпті бұдан да көп, 500 миллион доллардан аса қаржы бөлінеді. Бұл – Қазақстан үшін қомақты ақша. Алайда ғылымды қаржыландырудың нақты нәтижесін әзірге көре алмай отырмыз. Бас прокуратура салалық министрлікте және Ғылым қорында көптеген әрі ауқымды қаржылық заңбұзушылықтарға жол берілгенін әшкереледі. Нәліктен осылай болғанын тап басып айту қиын. Грант алушыларды аккредиттеуден бастап, қаржыландыру үдерісінің барлық кезеңінде кемшіліктер көзге көрініп тұр. Менің түсінігімде, ғылым мен жемқорлық бір-біріне кереғар құбылыс, екеуі қатар аталмауға тиіс. Мемлекет қаржысын жымқырғысы келетін кез келген әрекетке тосқауыл қоятын сүзгі не кедергі жоқ. Ғылыми үдерісті дамытудың тұжырымды көзқарасы қалыптаспаған. «Әйтеуір қаражатты қалайда игерсек болды» деген ұстаным тамыр жайған. Ғылыми жұмыстың нақты пайдасы, жаңашылдығы қандай? Оған ешкім бас қатырмайды. Бұған қоса, сараптама ұзаққа созылады. Жобалар уақтылы іске аспайды. Үкімет аталған мәселелерді егжей-тегжейлі тексеріп, жағдайды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, ғылыми әзірлемелер елге нақты пайда әкелуі керек. Өкінішке қарай, бұл бұлжымас аксиоманы қайталауға тура келіп тұр.

– Ғылым қорына инновацияны ынталандыруға арналған жаңа құзыреттер берілді. Бірақ жұмыстың нәтижесі жоқ. Қордың қызметін қайта саралау қажет. Өзімізді алдаудың не қажеті бар? Ғылым бар сияқты, бірақ оның нақты пайдасын көрмей отырмыз. Маған



үш мыңнан астам қолданбалы ғылыми жобаның тек 193-і ғана коммерцияландыруға лайық деп танылғаны, ал нарыққа бар-жоғы 29 жоба шыққаны баяндалды. Өкінішке қарай, индустрияға әсері, қайтарымы өте аз. Тағы бір келеңсіз жайт: заманауи өндіріс құруға бөлінген жер телімдері бос жатыр. Ал жұмысында олқылықтарға жол берген Ғылым қоры мемлекет қаржысын қайтармағаны өз алдына, тіпті құқық қорғау органдарына да шағымданбаған. Ештеңе болмаған сияқты. Алайда құқық қорғау органдары грант ретінде алынған ақшаның кейін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы мен Ғылым қоры қызметкерлеріне аударылғанын әшкереледі. Тексеріс нәтижесі бойынша 11 қылмыстық іс қозғалды. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы қарсаңында өзім шынайы құрметпен қарайтын ғылыми қызметкерлер туралы осындай ұятты деректерді ашық айту оңай емес. Бірақ Конституциядағы «Заңмен тәртіп» қағидаты ғылым қайраткерлеріне де қатысты. Ғылыми қоғамдастықтың абырой-беделіне нұқсан келтіретін осы жағымсыз жайт жауапкершіліктің болмауы, бақылаудың нашарлығы және процестерді цифрландырудың

төмен деңгейі қайда әкеліп соғатынын анық көрсетті. Барлық ғылыми әзірлеме қолданбалы мәнге ие болуға тиіс. Экономиканың нақты секторларына белсенді енгізілуі керек. Әлбетте, қазақ ғылымының дамуында сәтті мысалдар баршылық. Ауызды қу шөппен сүрте беруге болмайды. Бірақ шынайы табысқа жеткіміз келсе, сәтсіздіктерден сабақ алуымыз керек. Турасын айтқан жөн. Шындықты бұрмалауға түбегейлі қарсымын. Бірақ құр сөз бен мақтангершілікті жақтырмаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент инновациялық саясатты жүргізу құзыреті Ғылым және жоғары білім министрлігіне берілгенін, «Индустриялық PhD» мамандарын даярлау бағдарламасы іске қосылғанын, іргелі зерттеулерді тұрақты қаржыландыру тетігі енгізілгенін, сондай-ақ жетекші ғалымдарға еңбекақы төлеудің жаңа әдістемесі заң жүзінде бекітілгенін алға тартты.

– Алайда қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ғылыми әзірлемелерден ауыз толтырып айтарлық экономиканың әсері әзірге жоқ. Бұл жағдайдың себептерін анықтауымыз керек. Ғылым академиясы, тиісті институттар, ғалымдар мен бизнес-қоғамдастық осы

тығырықтан шығаратын ұсыныс беруге тиіс. Басқаша айтқанда, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыруды қолға алған жөн. Негізі, бұл әлдеқашан орындалуға тиіс міндеті еді. Бірақ ештен кеш жақсы. Стратегиялық мақсатымыз – ғылым мен инновацияға келетін инвестицияны еселеу. Бұл іске жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлер де атсалысуы қажет. Яғни ғылым – жалпыхалықтық іс. Мәселені осылай тетесінен қоюымыз керек. Үкімет ғылымды басқарудың нәтижесіне құрылған және бизнеспен серіктестікті дамытуды көздейтін тиімді моделін жасақтауы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы осыдан үш жыл бұрын елімізде әлемнің ең үздік жоғары оқу орындары-

ның филиалдарын ашу жөнінде нақты тапсырма бергенін еске салды.

– Бұл Қазақстанға өте қажет. Осы бастама, ең алдымен, жастардың өз жерімізде сапалы білім алуына жол ашады. Біз сол арқылы еліміздің жоғары білім жүйесіне халықаралық бағдарламалар мен озық стандарттарды енгізе аламыз. Жалпы, осы уақыт ішінде ауқымды шаруа атқарылды, 33 университеттің филиалы ашылды. Оның ішінде Мәскеу инженерлік физика институты, Аризонна университеті, Сорбонна, Лотарингия университеті, Кардифф университеті, Де Монтефорт университеті, Бейжің тіл және мәдениет университеті сияқты беделді жоғары оқу орындары, сондай-ақ Лу Бань шеберханасы бар. Бірақ бұл жұмыс әлемнің үздік университеттерімен серіктестік орнатумен аяқталмауы керек. Бізге есеп үшін ашылған, ұлттық ғылымды дамытуға қауқарсыз филиалдардың қажеті жоқ. Басты назар санда емес, сапада болуға тиіс. Қазақстанда жұмыс істейтін әр филиал жоғары білім саласындағы бәсекені арттыруға ықпал етуі керек. Осы мәселені мұқият зерделеу маңызды. Қазір еліміздегі шетел жоғары оқу орындарының филиалдарында білім алып жатқан студенттердің дені – мемлекеттік грант иелері. Елімізде жергілікті жоғары оқу орны мен шетелдік университеттерге берілетін мемлекеттік оқу гранттарының ақысында үлкен айырмашылық бар. Үкіметтің мәліметі бойынша, бір студентті оқыту үшін шетелдік филиалға бөлінетін мемлекеттік грант көлемі ұлттық мәртебесі бар университеттерге бөлінетін грант көлемінен бес есе артық. Мұндай жағдайда бәсекелестік туралы сөз айтудың өзі орынсыз болуы мүмкін. Сондықтан Үкімет шетелдік жоғары оқу орындарына бөлінетін мемлекеттік грант құнын қайта пысықтап, тиісті талдау жүргізгені жөн болады, – деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіптік, ғылыми, инженерлік-техникалық мамандарды сапалы даярлауға күш салудың маңызына тоқталды.

– Өздеріңізге мәлім, биылғы жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияладым. Яғни Қазақстанды ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамытып, техника мен өндірістік процестерді арттыру үшін шара қабылдауымыз керек. Менің ойымша, бізде заңгерлер, филологтар мен дипломаттар, яғни гуманитарлық сала мамандары өте көп. Ұлттық менталитетін өзгертуіміз керек. Ал ол қалай өзгереді? Ол үшін ғылым мен технологияға мойын бұруымыз қажет. Бұл біздің қолымыздан келмей ме? Қазақстанда тура мағынасында сана революциясын жасауымыз керек деп ойлаймын. Осы орайда университеттердің ерекше миссиясын атап өткім келеді. Олар білімді, парасатты, елдің келешегі үшін жауапкершілік арқалай алатын азаматтардың жаңа буынын тәрбиелеп шығаруда айрықша рөл атқарады. Мемлекеттің зияткер қауымы университет қабірғасында қалыптасады. Білім беру саласын әлеуметтік қызмет ретінде қабылдау дұрыс емес. Қазіргі құбылмалы әлемде білім маңызды өндірістік күшке айналды. Жастарымыздың ғылымға, инновациялық кәсіпкерлікке, озық цифрлық дағдыларды меңгеруге қызығушылық танытатыны қуантады. Мемлекеттің міндеті – жастарды сапалы біліммен қамтамасыз ету, олардың заманауи ғылыми базада жұмыс істеуіне, дүние жүзімен академиялық байланыс орнатуына жағдай жасау. Көп ұзамай Жасанды интеллект университеті ашылады. Мұны маңызды уақиғалардың бірі деп айтуға болады. Оқу орны алғашқы студенттері мен магистранттарын биыл қабылдауды жоспарлап отыр. Іргелі ғылымсыз жасанды интеллектті дамыту мүмкін емес екенін түсінген жөн. Алгоритмдер мен күрделі инженерлік өнімдер, ең алдымен, дамыған ғылыми және университеттік ортада пайда болады. Сол себепті осы бағытқа айрықша көңіл бөлеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының қазақстандықтар қол жеткізген нәтижеге тоқмәйлсіп, көрсеткіштермен мақтанбай, керісінше, жаңа мақсаттарға жету үшін тынымсыз еңбек ету қажет екенін мәлімдеді.

– Әлемдік бәсеке күшейген кезеңде біз әрдайым жеңімпаз болуымыз керек. Қазақ халқы қандай жағдай болса да, өркениет көшінен қалмауға тиіс. Тарихымызда қилы қасіретті бастан өткердік. Осы бақуатты өмірге жету үшін талай зобалаңды көрдік. Өркениет бізге өздігінен келмейді. Оны өздеріңіз де түсінетін шығарсыздар. Оған қол жеткізу үшін қоғам жұдырықтай жұмылып, күш біріктіруі қажет. Ғалымдар, технологтар, кәсіпкерлер, білімді азаматтар, тіпті студенттер де ортақ іске атсалысқаны жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жастарды еңбекқорлық, тәртіп пен патриоттық рухында тәрбиелеуге шақырды.

– Тұрмыс-тіршіліктің бұл қағидаттары Конституциямыздың ажырамас бөлігі ретінде бекітілуі бекер емес. Патриотизм мінберлерде, мерекелерде, салтанатты іс-шараларда сөзден қамал тұрғызу емес, халық алдындағы жоғары жауапкершілік екенін үнемі еске саламын. Патриот дегеніміз – өз жұмысын кез келген орында, мейлі университет, мектеп, аурухана, кәсіпорын немесе министрлікте болсын, өз қызметін адал атқаратын адамдар. Әскери қызметшілер туралы айтпасақ та болады. Бұл арада барлық мамандықты тізіп шығу міндет емес шығар. Жұмыстың жаманы болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, ғылым қалашықтары мен қарқынды дамитын қалалар инвестиция және жаңа технологияларды тарту орталығына айналуға тиіс.

– Осы міндетті іске асыру үшін тиісті тұжырымдама қабылданды. Бұл концепцияға сәйкес, мықты ғылыми-технологиялық парктер құру жоспарланып отыр. Менің тапсырмам бойынша Курчатова қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру жұмысы басталып кетті. Парламент осындай қалашықтардың құқықтық мәртебесін және қаржыландыру тетіктерін айқындайтын заң жобасын қарап жатыр. Ғылымды арқау еткен аумақтар құру – біздің стратегиялық басымдыққа ие мақсатымыз. Жаңа Конституцияда қарқынды дамитын қалалар үшін арнайы құқықтық режим бекітілді. Сондықтан Alatau City жоғары технологиялар саласындағы инвесторлар үшін тартымды жобаға айналды деп сенеміз. Жалпы, мемлекет өңірлерде ғылым мен инновацияны дамытуға ерекше назар аударып отыр. Соған сәйкес, әкімдерге ғылыми-технологиялық саясатты жүргізу құзыреті берілді. Аймақтардағы 11 жоғары оқу орнында академиялық артықшылық және зерттеу орталықтары құрылып жатыр. Бұл орталықтар баламалы энергетикадан бастап, биотехнология саласына дейін

әртүрлі бағыттар бойынша маңызды зерттеулер жүргізетін болады. Түптеп келгенде, біз білім-ғылымды өзгелерден құр көшіріп алмай, өзіміз жасауымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент әлемдік ғылымда өзекті зерттеулер жасай алатын ғалымдар буынын тәрбиелеу қажеттігіне мән берді.

– Біз жаңа Конституцияда адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты ретінде бекіттік. Енді бәріміз бұл мақсатты міндетті түрде іске асыруымыз керек. Басқа жол жоқ. Бұл – өте күрделі міндет, оны түсінудіміз керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін ғылым қауымдастығы кәсіби біліктілік, адалдық және отаншылдық қасиеттерін танытуы қажет. Мен сіздерге үміт артамын, – деді ол.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның болашағы туралы ойымен бөлісті.

– Келер ұрпақ біздің кейбір кемшіліктерімізге көз жұма қарайтын шығар. Бірақ олар Қазақстанды әділетті, қуатты мемлекетке айналдыратын, заң мен тәртіп, тазалық, табиғатты аялау, білім және ғылым салтанат құратын мүмкіндікті мүлт жібергенімізді ешқашан кешірмейді. Қазақстан осындай ел болуы керек. Біздің түпкі мақсатымыз – осы, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ғылымда нәтижеге қол жеткізу үшін адам капиталына баса мән берген жөн деп есептейді.

– Біз өскелең ұрпаққа тәрбие беру мен азаматтарды қолдауды әлеуметтік әділдік, жасампаз отаншылдық және еңбекқорлық тұрғысынан қайта қарауымыз керек. Бұл – патриотизм моделінен адам мен оның қабілеті басты ресурсқа айналатын өркениетті трансформациялау үлгісіне өту деген сөз. Сондықтан жаңа Конституциямыздың, ең алдымен, адамға бағдарлануы тегін емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздің ғылыми-академиялық қоғамдастығына үндеу жасады.

– Қазақстанның ертеңі қандай болатыны, инновациялық және озық елге айналу мүмкіндігі сіздердің идеяларыңызға, зерттеулеріңізге, жасаған еңбектеріңіз бен ашқан ғылыми жаңалықтарыңызға тікелей байланысты. Күш-жігер біріктіріп, Қазақстанды Еуразиядағы жетекші ғылыми, технологиялық орталықтардың біріне айналдыра аламыз. Мен бұған сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент елдің шынайы жаңаруы саяси ұраннан емес, құқықтық ірге-

тасымызды жаңаша қалыптастырып, бекітуден басталатынын жеткізді.

– Біз бір ел, бір жұрт болып осы аса маңызды жұмысқа кірістік. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр бабы, әр тармағы елдігімізді нығайта түседі. Біз Ұлы даланың мыңдаған жылдық тари-

асымызды жаңаша қалыптастырып, бекітуден басталатынын жеткізді.

### III ДӘРЕЖЕЛІ «БАРЫС» ОРДЕНІ

**Түймебаев Жансейіт Қансейітұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ басқарма төрағасы – ректоры

### «ПАРАСАТ» ОРДЕНІ

**Әбікенов Архат Әшметұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ доценті

### «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІ

**Арын Айжан Арыңқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ қауымдастырылған профессоры

**Ахатов Уәлихан Ақыпбекұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ заң факультетінің деканы

**Әлімқұлов Ербол Темірханұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Нұрахметова Гүлмира Ғалиқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Рысқалиев Дәулетбай Оразғалиұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ доценті

**Ибраева Алуа Саламатқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Шәріпова Әсел Бостанқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Баймаханова Дина Мұратқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ доценті

**Кегембаева Жанар Аманжанқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

### «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛІ

**Әлихан Қанат Насырұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

**Жарболова Әйгерім Жақсылыққызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

**Сағынаев Мейіржан Егінбайұлы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

**Қуаналиева Гүлдана Амангелдіқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Айғаринова Гүлнәр Тілеуқадырқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Атаханова Гүлзағира Махатқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Бейсенова Меруерт Қылышбайқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессор м.а.

**Есекеева Айнаш Әкімсалқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

**Қалышева Нәжия Құсайынқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ доценті

**Мухамадиева Гүлжан Нүсіпжанқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ профессоры

**Нүсіпова Ләтифа Бағдатқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

**Оспанова Жәмилә Әхизханқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ қауымдастырылған профессоры

**Рашева Гүлнұр Қойшықызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ доцент м.а.

**Тұрсынқұлова Динара Ақанқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ, з.ғ.к.

**Хұдайбердина Гүлнұр Әзіретәлиқызы**, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ аға оқытушысы

хының сабақтастығын сақтауға баса назар аудардық. Бабаларымыз әуел бастан құқықтық мемлекет құруға ерекше мән берген. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы – соның айқын дәлелі. Қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы – жаңа тарихи, геосаяси жағдайдағы бірегей құжат. Оның тарихымыздағы орны ерекше. Бұл – азаматтарымыздың арман-тілегінен, мақсат-мұратынан туған қастерлі құжат, шын мәніндегі Халық Конституциясы, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғалымдар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа терең түсіндіруге айтарлықтай үлес қосқанына назар аударып, ғылым елдікті нығайтудың маңызды құралы екенін айтты.

Жиын соңында Президент елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азаматқа мемлекеттік наградалар табыстады.

# Қазақстан Республикасының

## САЛЫСТЫРМАЛЫ-

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**  
 Эл-Фараби атындағы  
 Қазақ ұлттық университетінің  
 Басқарма Төрағасы – Ректор,  
 Конституциялық  
 комиссияның мүшесі

Қазақстан Республикасы аса маңызды тарихи оқиғалардың қарсаңында тұр. Жаңа Конституцияның жобасы жарияланды. Мемлекет басшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен республикалық референдум күні 15 наурызға белгіленді. Осы күні Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді.

Конституция – мемлекеттің Негізгі заңы, құқықтық жүйенің іргетасы, қоғамның құрылымдық қағидаттарын айқындайтын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітетін, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті белгілейтін әрі қоғамның орнықты дамуының қағидаларын орнықтыратын құжат. Оның мазмұны әрбір адамның өмір сапасына, құқықтарының кепілдіктеріне, өзін дамыту және өз мүдделерін қорғау мүмкіндіктеріне тікелей әсер етеді.

Ұсынылып отырған түсіндірме оқу құралында бірқатар ерекшеліктер қарастырылған. Мұнда қолданыстағы Конституция нормалары мен жаңа Конституция жобасының нормаларына салыстырмалы талдау жасалады. Әрбір бап бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар негізделеді, айрықша жаңа идеялар бөліп көрсетіледі, олардың мақсаты түсіндіріледі және аталған идеяларды іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін ықтимал нәтижелер болжанады.

Жаңа Конституцияны қабылдаудың себептеріне тоқталсақ, қазіргі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдай жаңа құқықтық қағидаларды талап етеді. Бұл цифрландыру, экология, инновациялар, меншіктің жаңа нысандары, жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдер, сондай-ақ қалыптасып келе жатқан жаңа әлемдік тәртіп жағдайында туындаған экономикалық және қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеумен байланысты. Сонымен бірге азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайту қажеттілігі айрықша маңызға ие. Демократияның, теңдіктің және әлеуметтік қорғаудың жаңа стандарттарын қалыптастыру, мемлекеттік билік жүйесін жетілдіру, өкілеттіктерді неғұрлым теңгерімді бөлу және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету қажет. Жаңа Конституцияны қабылдау азаматтардың құқықтарын қорғауға, мемлекетті тиімді басқаруға және қоғамның тұрақтылығын нығайтуға бағытталған заманауи, әділ әрі орнықты құқықтық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Референдум – халықтың тікелей ерік білдіруінің ең жо-



ғары нысаны, тікелей демократияның көрінісі. Ол әрбір азаматқа ел болашағына жеке өзі ықпал етуге мүмкіндік береді. Бұл күні әрбір дауыс ерекше мәнге ие.

Конституциялық комиссия ауқымды әрі нәтижелі жұмыс жүргізді. Қазақстанның он мыңнан астам азаматы жаңа Конституция жобасына қатысты өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Жаңа Конституция жобасын әзірлеуге Эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жетекші ғалымдары белсенді түрде қатысып, олардың идеялары мен ұсыныстары жоба мәтінінде нақты көрініс тапты.

Жаңа Конституция жобасында айрықша жаңашылдығымен ерекшеленетін негізгі идеялар көрініс тапқан. Атап айтқанда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген. Ел тағдырын дәл осы егемендік иесі – халық айқындауы тиіс екені айқын көрсетілген. Сонымен қатар мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылады.

Жаңа преамбулада Қазақстан халқының бірлігі, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайту, Ұлы даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы ерекше атап көрсетіледі. Мемлекеттің унитарлық сипаты, оның шекарасының мызғымастығы мен аумақтық тұтастығы, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұлжытпай сақтау қағидаттары бекітілген. Сонымен қатар мәдениет пен білімді,



**Жаңа Конституция жобасында айрықша жаңашылдығымен ерекшеленетін негізгі идеялар көрініс тапқан. Атап айтқанда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген. Ел тағдырын дәл осы егемендік иесі – халық айқындауы тиіс екені айқын көрсетілген. Сонымен қатар мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылады.**

ғылым мен инновацияларды дамыту, табиғатқа ұқыпты қарау, барлық мемлекеттермен бейбітшілік пен достыққа ұмтылу сияқты жаңа құндылықтар айқындалған. Бұл ереже-

лер елазаматтарын біріктіретін іргелі құндылықтарды бейнелейді.

Жаңа Конституция жобасы 11 бөлімге біріктірілген 96 баптан тұрады. Конституция бөлімдерінің атаулары олардың мазмұнына толық сәйкес келеді. Мәселен, бұрын «Жалпы ережелер» деп аталған бірінші бөлім ғылыми тұрғыдан негізді түрде «Конституциялық құрылыстың негіздері» деп аталған. Мұнда Қазақстан Республикасының қызметінің түбегейлі қағидалары бекітілген: егемендік пен тәуелсіздікті қорғау, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлікті нығайту, халықтың әл-ауқатын арттыру. Қазақстан Республикасында билікті ешкім иемдене алмайды, билікті иемдену заң бойынша қудаланады. Халық пен мемлекет атынан сөйлеу құқығы Қазақстан Республикасының Президентіне, сондай-ақ өз конституциялық өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі.

Екінші бөлім – «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» – алғаш рет әрбір адам үшін құқықтық мүмкіндіктер мен құқықтық шектеулерді нақты айқындайды. Мұнда адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қатаң әрі бұлжытпай сақтау қағидатына ерекше назар аударылған. Конституция әркімнің жеке өміріне қол сұқпаушылыққа, жеке және отбасылық құпияға, дербес деректерді қорғауға құқығын кепілдендіреді. Соны-

мен қатар жаңа Конституция жобасында құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыстың негіздеріне, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың денсаулығына және қоғамның адамгершілік құндылықтарына нұқсан келтірмеуге тиіс екені бекітілген. Бұл ереже қазіргі цифрлық әлем жағдайында ерекше маңызға ие.

Жаңа Конституция жобасында меншік құқығын қорғауға айрықша көңіл бөлінген. Меншік пен мұрагерлік құқығы заңмен қорғалатыны жарияланған. Ешкім сот шешімінсіз өз мүлкінен айырылмайды. Сонымен бірге меншік иелерінің жауапкершілігі де бекітіледі: «Меншікті пайдалану қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне сай келуге тиіс, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге, өзге адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбауға тиіс». Мұнда қоршаған ортаны қорғау қажеттілігі ерекше атап көрсетілген, бұл Қазақстанның бірегей табиғатын сақтау мен арттыру үшін аса маңызды.

Әрбір адамның еңбек етуге және қызмет түрі мен кәсібін еркін таңдауға құқығы айрықша жаңа норма ретінде бекітілген. Бұл норма мемлекетке жұмыс орындарын құру, қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, еңбегі үшін қандай да бір кемсітусіз сыйақы төлеу, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды кепілдендіру жөнінде жауапкершілік жүктейді.

Ғалымдар үшін адам капиталын, білім мен ғылымды, инновацияларды дамытуды мемлекеттің стратегиялық бағыты ретінде тану ерекше маңызға ие. Некені және отбасын қорғауға бағытталған конституциялық нормалардың да мәні зор. Жаңа Конституция жобасында неке ерікті және тең құқықты ер мен әйелдің мемлекеттік тіркеуден өткен одағы ретінде бекітілуі дәстүрлі отбасылық құндылықтарды бұзуға бағытталған қоғамымызға жат идеяларға нақты құқықтық тосқауыл болады.

Жаңа Конституция жобасында жаңа мемлекеттік институттар көзделген. Атап айтқанда бір палаталы Парламент – Құрылтай құрылып, вице-президент институты енгізіледі, ал болашақта Қазақстан Халық Кеңесі – Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган қалыптастырылады.

Осылайша жаңа Конституция жобасы адам құқықтарын қорғауға, мемлекеттілікті нығайтуға және Қазақстан Республикасының одан әрі дамуына берік құқықтық негіз қалайды.

# жаңа Конституция жобасы:

## ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ



akorda.kz

### ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫ

Конституция – елдің негізгі әрі басты заңы, ол әрбір адам үшін, бүкіл қоғам мен тұтас мемлекет үшін айрықша маңызға ие. Қазақстан Республикасында Конституция мемлекеттік билікті ұйымдастыру қағидаттарын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін, сондай-ақ ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын негізгі заң ретінде қызмет етеді.

Адам үшін Конституция – оның құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі. Онда адамның барлық негізгі құқықтары, бостандықтары мен міндеттері көрініс тапқан. Конституция өмір сүру құқығын, адамның қадір-қасиетін, сөз бостандығын, еңбек ету, білім алу және әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарын бекітеді. Конституцияның арқасында әрбір азамат заңсыз әрекеттерден қорғалады және өз мүдделерін заң шеңберінде қорғауға мүмкіндік алады.

Қоғам үшін Конституция

тұрақтылықтың, келісім мен бірліктің негізі болып табылады. Ол баршаның заң алдында теңдігін орнықтырып, әділеттілік пен өзара жауапкершілік қағидаттарын қалыптастырады, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді. Конституциялық нормалар адамдарды ортақ құндылықтар мен даму мақсаттары төңірегінде топтастырады.

Мемлекет үшін Конституция билік органдарының құрылымы мен өкілеттіктерін, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін, сондай-ақ құқықтық тәртіптің негіздерін айқындайды. Ол заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік жүйенің тұрақтылығы мен тиімді жұмыс істеуін нығайтады. Осылайша, Конституция – құқықтық мемлекеттің іргетасы, адам құқықтарының кепілі және қоғам мен мемлекеттің тұрақты әрі орнықты дамуын қамтамасыз ететін маңызды тетік.

Жаңа Конституция жобасы

адам құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты әрі толық қорғаудың берік негізін қалап, оларды мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде орнықтырды. Онда әділеттілік, заң алдындағы теңдік, құқық үстемдігі және биліктің қоғам алдындағы жауапкершілігі қағидаттары көрініс тапқан. Жобада бекітілген конституциялық идеялар демократиялық институттарды нығайтуға, азаматтардың ел басқаруға қатысуын кеңейтуге және мемлекеттік жүйенің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңа Конституция мемлекеттің тұрақты дамуы мен жаңғыруына, қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға берік құқықтық негіз қалыптастырады. Ол адам мүддесін қорғауға және қоғамның ұзақ мерзімді әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағдарланған қуатты, әділетті әрі өркендеген Қазақстан Республикасын құрудың сенімді тұғырына айналады.

### АВТОРЛЫҚ ҰЖЫМ

**Ж.Қ.Түймебаев** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасы – Ректор, Конституциялық комиссияның мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор (авторлар ұжымының жетекшісі)

**Е.Е.Дүйсенов** – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма төрағасының орынбасары – бірінші проректор, Конституциялық комиссияның мүшесі, ғылымдарының докторы, профессор

**У.А.Ахатов** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің деканы

**Қ.Р.Усеинова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі

**А.С.Ибраева** – заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшесі

**Д.М.Баймаханова** – заң ғылымдарының докторы, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Ж.А.Кегембаева** – заң ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**А.Ж.Жарболова** – заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Д.А.Оспанова** – заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Д.А.Тұрсынқұлова** – заң ғылымдарының кандидаты, ассистент-профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Қ.Н.Әлихан** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.А.Қуаналиева** – заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Кеңесінің және экологиялық құқық кафедрасының меңгерушісі

**Л.Ш.Берсүгірова** – заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**А.А.Әбикенов** – заң ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.Т.Айғаринова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.М.Атаханова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Е.Т.Әлімқұлов** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**А.Арын** – PhD докторы, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**М.К.Бисенова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Қ.М.Қожабек** – заң ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.Н.Мұхамедиева** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.Г.Нұрахметова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.К.Рашева** – PhD докторы, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Д.У.Рысқалиев** – PhD докторы, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**А.Б.Шәріпова** – заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті


**А.А.Есекеева** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**М.Е.Сағынаев** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Г.А.Хұдайбердина** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Н.Х.Қалышева** – заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Л.Б.Нүсіпова** – заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті



# Заманауи зерттеу орталықтары



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:  
**Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің  
Басқарма Төрағасы – Ректоры  
**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Ақпарат және коммуникациялар  
департаментінің директоры  
**Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ**

**Бас редактор:** Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ  
**Жауапты хатшы-дизайнер:** Талғат КІРШІБАЕВ  
**Тілшілер:** Қайыржан ТӨРЕЖАН,  
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Күләш ҚАДЫРБАЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының  
Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30,  
ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:  
**kaznugazeta@gmail.com**  
• Газет редакцияның компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Алматы-Болашақ» АҚ баспаханасында  
басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

**Газетке жазылу индексі: 64787**

Таралымы – 2000

Тапсырыс №624

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.